Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

# Shet shuǵylasy

Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 9 jeltoqsan 2021 jyl №49 (10 887)



Елбасы мұрасы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

## ТӘУЕЛСІЗДІК - ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Қазақ халқының сан ғасырлық арманы болған Тәуелсіздіктің маңыздылығы мен тарихы жайында айта берсек әңгіменің шегіне жетпеспіз, әрине. Дегенмен Тәуелсіздік экономика мен саясатта ғана емес жеке адамдардың да өміріне өзгеріс, жақсылық, табыс, жетістік әкелді. Болашаққа деген сенім мен үміттің нәтижесінде, бүгінде еліміздің керегесі кең, терезесі тең. Біз үшін ана тіліміз, санамыз, мәдениетіміз бодандық құрсауынан босап, тәуелсіз дамуы өте маңызды, әрі құнды. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын.

Қазіргі уақытта көптеген игі істер жүзеге асып, халықтың әлеуметтік жағдайы да айтарлықтай жақсарды. Білім, ғылым, медицина саласы да зор жетістіктерге жетіп, биік белестерді бағындырудамыз. Осының бәрі Алла нәсіп еткен азаттықтың арқасы деп білемін.

Санаулы күндерден кейін ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толмақ. Тәуелсіздік - барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн, Ұлық мереке.

Біз қазақ деген ұлы елдің ұрпағымыз. Тәуелсіздік - ұлы дала елінің елдігі мен ерлігі. Тәуелсіздік бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған қажырлы күресінің өтеуі мен Қазақстан халқының арман-мұратының салтанат құруы деп білемін.

Осы жеткен жетістіктеріміздің барлығы Мәңгілік ел болуды мақсат еткен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сарабдал саясатының жемісі.

Олай болса, барша ауыл тұрғындарын алда келе жатқан Ұлық мереке - Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!

Ортақ үйіміздің шаңырағы биік, босағасы берік болсын. “Бірлік бар жерде тірлік бар деген”, бізге қашанда осы бірлік қажет.

**Е.КЕНЖЕБАЕВ,**
**ақсақалдар алқасының төрағасы.**
**Ақсу-Аюлы ауылы.**

Тәуелсіздік тартуы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

## ОН ТӨРТ ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАУДА

**Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен іске асқан «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында үй кезегіндегі тұрған мұқтаж отбасылар үшін құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде. Бүгінде тұрғын үй кезегін күткен отбасыларды баспанамен қамту ең өзекті мәселе болғандықтан бағдарламаның басты бағыты әлеуметтік осал топтарға көмек көрсету. Оның ішінде былтырғы жылдан бері кәсіпкерлер арқылы I нарықтағы тұрғын үйлер салу кеңінен қолданысқа енуде. Биылғы жылы аталмыш бағдарламаның жаңа бағыты аясында аудан орталығында алғаш рет I нарықтағы 14 пәтерлі 7 тұрғын үй бой көтерген болатын.**

Мамандардың айтуынша бұл бастама үш тарапқа да ыңғайлы. Себебі, мемлекет тұрғын үй салуға жобалау-сметалық құжат жасау секілді жұмыстарға қаражат бөлмейді, тек дайын үйді арнайы комиссия арқылы қабылдап алады. Тұрғындар да өз кезегінде жаңа баспанаға қол жеткізеді.

Жуырда Ұлық мерекеміз Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында аудандық мәдениет үйінде салтанатты түрде тұрғын үй кезегінде тұрған көпбалалы, жетім және әлеуметтік осал топтар санаттарындағы отбасыларға жаңа баспаналардың кілті табысталды. Аталмыш шараға жергілікті әкімдік өкілдері мен мен аудан тұрғындары қатысты.

⇨2-ші бетте.



Қоныс той

## «HALYK BANK» ЖАҢА ҒИМАРАТҚА КӨШТІ

«Halyk Bank» еліміздегі ең ірі коммерциялық банктердің бірі. Атауы айтып тұрғандай халық та, бизнес те осы банк арқылы қажетті несиесін алып, өзінің тұрмыстық жағдайын шешуде. Жалпы банк жалғыз несие берумен шектелмей түрлі шаралар да өткізіп, халыққа тиімді әрі сапалы қызмет көрсетуде.




Жуырда аудан орталығы Ақсу-Аюлыда аталмыш банктің жаңа ғимаратқа қоныстануына байланысты салтанатты шара өтті.

Айта кетейік, «Halyk Banktiң» бұрынғы ғимараты ескі, көп жылдар жөндеу көрмегені өз алдына, іші келушілерге тарлық ететін, орналасқан жері де екі көше жолының түйіскен жері болғандықтан жол қозғалысына да кедергі тудыратын. Оның үстіне банкомат та ыңғайсыз жерде орналасқан болатын.

Жуырда банктің Шет аудандық бөлімшесі жаңа ғимаратқа көшіп, орналасуына байланысты салтанатты шара өтті. Оған аудан әкімі М.Мұхтаров, аудан әкімінің орынбасарлары М.Жұмкин, Р.Рысқали және осы ғимараттың салтанатты ашылуына арнайы келген «Halyk Bank» Қарағанды облыстық филиалының директоры Пунтус Валерий Анатольевич қатысты.

Ашылу салтанатында құттықтау сөз сөйлеген аудан әкімі «Halyk Banktiң» ел экономикасындағы рөліне, қаржы-несие саясатына қатысты атқарып жатқан еселі еңбектеріне тоқталып, банктің халық тұрмысындағы алатын орны ерекше екендігін атап өтті. Өз кезегінде банктің облыстық филиалының директоры В.А.Пунтус та жиналған барша көпшілікке жылы лебізін арнады. Мұнан соң, осы банкті алғашқы құрылған жылдары басқарған Бұрхан Жүнісұлы қазақы дәстүрмен батасын берген соң, аудан әкімі М.Мұхтаров және филиал директоры В.Пунтус салтанатты түрде лента қию рәсімін жасады. Ақ жаулықты аналардың шашуы, дәстүрлі әнші Е.Ахметовтың арнауы салтанатты шараның шырайын кіргізді.

Ғимарат ішіне көптің сұранысы бойынша тағы бір қосымша банкомат қойылған. Ғимарат ішін аралап, банк жұмысымен танысқан аудан әкімі сырттан адамдардың көп келетінін, оның үстіне тоғыз жолдың торабында орналасқан елді мекен болғандықтан жолаушылардың да көп болатынын айтып, бұндай банкоматтардың көптік етпейтінін айтты.

Біз осы сәтті пайдаланып банктің Қарағанды облысы филиалының директоры Пунтус Валерий Анатольевичті сөзге тартқанымызда бұрынғы ғимаратпен салыстырғанда айырмашылығы жер мен көктей. Бұрынғы отырған орнымызда халыққа ойдағыдай сапалы қызмет көрсетуге көп жағдайда мүмкін бола бермейтін. Іші тар, әрі жеке пешпен жылытылатын. Қазір орналасқан ғимарат заманға сай, ортақ қазандықпен жылытылады. Келген адамдарға да өте ыңғайлы. Қосымша тағы бір банкомат қойдық. Халыққа сапалы қызмет көрсетсек, келген азаматтар жұмысымызға оң баға беріп жатса, бұл әрине біз үшін үлкен абырой, - деді.

Біз де «Halyk Bank» ұжымын қуанышты сәттерімен құттықтап, жұмыстарына сәттілік тіледік.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

**2022 ЖЫЛҒА “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ЖӘНЕ “ШЕТ ӨҢІРІ” ГАЗЕТТЕРІНЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ**

Shet shugylasy | Shet óńiri

АУДАНДЫҚ “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1940, БІР ЖЫЛҒА 3880 ТЕҢГЕ ИНДЕКСІ 65049

“ШЕТ ӨҢІРІ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1958, БІР ЖЫЛҒА 3915,20 ТЕҢГЕ, ИНДЕКСІ 65060

АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРҒА “ҚАЗПОЧТА” АҚ АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ БӨЛІМІ МЕН ЖЕРГІЛІКТІ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.

Тәуелсіздік тартуы

# ОН ТӨРТ ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАУДА

⇨1-ші беттен.

Салтанатты жиында аудан әкімі М.Мұхтаров барша тұрғындарды Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен құттықтап, «2019 жылы «Nur Otan» партиясының съезінде Елбасы көпбалалы отбасыларға айрықша көңіл бөлуді айтып, «Нұрлы жер бағдарламасы аясында жеке санат ашуды тапсырған болатын. Осыған орай, ауданымызда көптеген отбасыларға ІІ нарықтан үй алынып, биылғы жылдың өзінде аудан аумағындағы 19 отбасыға ІІ нарықтан үй сатып берілді. Бүгінгі күні берілгелі отырған І нарықтағы 14 үйдің кілті де сол бастамалардың жарасымды жалғасы екендігін айтып, баспана иелерін қоныс тойларымен құттықтап, тұрғын үй кезегінде тұрған Д.Дүйсембаева, П.Әлиева, А.Тәженова, Г.Нарманова, Ж.Мешелова, Л.Жанжекова, М.Сәкенова, А.Сәрсенкұлова, Қ.Әубәкіров, А.Жакина, А.Тәттімбетова, М.Шарипова, Г.Игембаева, Ғ.Дүйсембаеваларға жаңа пәтерлердің кілтін табыс етті.

Салтанатты жиында аудандық мәслихат хатшысы Б.Төлеуқұлов құттықтау сөз сөйлеп, баспана иелеріне жылы лебізін білдіріп, байыпты бағдарлама аясында ауқымды жұмыстарды атқарып жатқан аудан әкімдігіне тұрғындар атынан алғысын айтып, мұндай игі істер алдағы уақытта да жалғасын таба беретінін жеткізді.



Тұрғын үй кілтін алушылардың бірі Г.Игембаева есімді азаматшаны әңгімеге тартқан болатынбыз. Көпбалалы ана қазақта «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» - деген сөз бар. Басымызда баспана болмаса да шыдадық, бүгін осындай керемет қуанышқа бөленіп отырмыз. Жолдасым ІІ топтағы мүгедек, өзім 4 баланың анасымын. Жаңа үйіміз жылы, әрі еңселі екен. Қатты қуанып тұрмын. Осы орайда, аудан әкімі Мұхит Сайлауұлына және үй алуыма себепші болған барша жандарға алғысымды айтқым келеді, - деп ағынан жарылды.



Сондай-ақ, пәтер кілтіне ие болған көпбалалы ана П.Әлиева да жаңа үй алып жатқанына қуанышты екенін жасырмады.

- Үй көңілімізден шықты. Заманауи талаптарға сай екен. Әсіресе, балаларымның қуанышында шек жоқ. Әр адам жайлы баспана, жақсы жұмысы болғанын қалайды. Бұл күнге біз Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізіп отырмыз деп санаймын. Сондықтан баршаңызды мерекемен құттықтаймын. Ел басқарып жүрген азаматтарға Алла разы болсын, - деді көпбалалы ана.

Шынымен де, қоныс тойы иелерінің қуаныштарын балбұл жанған жүздерінен байқадық. Кейбір отбасылар шаттықтан шыққан көз жастарына да ерік беріп жатты. Жиналған қауым да баспана иелеріне құтты болсын айтып жатты. Салтанатты жиын соңы аудандық мәдени-сауық орталығының өнерпаздары ұсынған мерекелік концертке ұласты.

**Өз тілшімізден.**

COVID-2019

# КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНА БІРІГІП, ҚАРСЫ ТҰРАЙЫҚ!

**Қадірменді жерлестер, Құрметті Шет ауданы тұрғындары!**

Былтырғы жылы наурыз айында басталып, бірнеше рет толқыны шарықтау шегіне жетіп бүкіл әлем халқын дүрліктірген, көптеген отбасыға орны толмас қайғы-қасірет әкелген COVID-2019 пандемиясының елімізде қолға алынған шаралардың арқасында бақылаусыз таралуына шектеу қойылды. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының барлық облыстары мен ірі қалалары қызыл аймақтан шықты. Бұл қарапайым тұрғындардың ел үкіметімен біріге қимылдап жүзеге асырған үлкен жетістігі екенін ерекше атап өткім келеді.

Өткен тәулікте Қазақстан Республикасы бойынша 551 адам COVID-2019 дертіне шалдығып тіркелді, бұл көрсеткіш қараша айымен салыстырғанда 4-5 есе төмен. Қарағанды облысында да өткен тәулікте коронавирус инфекциясымен сырқаттанушылық күрт азайды, жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде бір тәулікте 24 адам ғана ауырып тіркеуге алынды.

Енді, елімізде оның ішінде ауданымызда қалыптасқан оң эпидемиялық ахуалға қандай іс-шаралардың көмегімен қол жеткізілді, соған тоқталсам.

Біріншіден, әрине бүкіл елімізде қолға алынған коронавирус инфекциясының алдын алу - профилактика шараларын атап өтуге болады. Үкімет тарапынан енгізілген шектеу- карантин шаралары жекелеген адамдардан бастап үлкенді-кішілі мекемелер мен кәсіпорындарға, әсіресе шағын және орта бизнес субъектілеріне, білім, денсаулық сақтау орындарына айтарлықтай ыңғайсыздық туғызғанымен бүгін оның оң нәтижесін көріп отырмыз.

Екіншіден, әрбір азамат күн өте, дәрігер мамандардың пайдалы кеңестеріне құлақ түріп, осы инфекциядан сақтану шараларын басшылыққа алып, оны өзінің өмір салтына енгізді.

Үшіншіден, коронавирус инфекциясына қарсы вакциналау шаралары бүгінгі күні қалыптасты жағдайдың ең басты айғағы екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Еліміздің Денсаулық сақтау Министрлігінің мәліметіне сәйкес 6 миллионға жуық адам бірінші рет вакциналанған болса, жақында ғана қолға алынған жасөспірімдер мен балалар, жүкті әйелдер мен бала емізетін аналарды егу шаралары да қарқынды жүріп жатыр.

Шет ауданында да коронавирус инфекциясына қарсы кешенді шаралар үздіксіз жүзеге асырылуда. Нәтижесінде желтоқсан айының бірінші аптасында аудан бойынша не бәрі 3 сырқат ауырып тіркелді. Бүгінгі күні вакциналау шараларына үлкен мән беріліп жұмыс қарқынды жүргізіліп жатыр. Аудан бойынша жоспарланған 25 мың ересек адамның 14512 коронавирус инфекциясына қарсы егілді, жоспар сөйтіп 58% орындалып отыр.

Қараша айында аудандық орталық аурухана мен Ақадыр ауруханасына тағы арнайы вакцина сақтайтын тоңазытқыштар орнатылып балалар, жасөспірімдер және аналар (босанғаннан кейін 42 күннен бала екі жасқа толғанша), 16-37 апта арасындағы жүкті әйелдерге егуге арналған Комирнати Pfizer вакцинасы әкеліп желтоқсан айында екпе жұмыстары басталып кетті.

Бүгінгі мәліметке сәйкес, аудан көлемінде 46 жасөспірімдер мен балалар, 74 жүкті әйелдер мен жас аналар екпе қабылдады.

Вакциналау тәртібіне сәйкес, «KazVak» вакцинасын алғандар 6 айдан кейін, ал вакцинаның өзге түрлерін алғандар 9 айдан кейін ревакцинация өтуге міндетті болып саналады. Ауданның емдеу мекемелері ревакцинация жасауға дайын.

**Құрметті жерлестер!**

Мен, тағы да осы уақытқа дейін әр түрлі себептермен егілмей жүрген аудан тұрғындарын, ауданның ауруханалары мен дәрігерлік амбулаторияларында жұмыс істеп тұрған вакциналау орындарына келіп вакциналауға шақырамын! Және де биылғы жылы, мезгілінде 2 мәрте екпе қабылдаған ересек адамдарға, жергілікті дәрігер мамандардың шақыруымен ревакцинация алып, коронавирус инфекциясынан тағы бір жылға қорғануына мүмкіндік барын хабардар етемін.

Жақында, бұқаралық ақпарат құралдарынан осы коронавирус пандемиясына қатысты тағы бір суық хабар естіп отырмыз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Африканың Ботсвана елінде алғаш рет анықталған коронавирустың жаңа штаммын қауіпті деп таныды, сондықтан оған "Омикрон" атауын берді.

Коронавирустың белгісіз нұсқасының таралуы туралы алғашқы ресми хабарды Оңтүстік Африка республикасының өкілдері 2021 жылдың 24 қарашасында берді.

Бүгінгі күні, коронавирустың осы бір қауіпті түрі бүкіл әлемге жоғары жылдамдықпен таралуда. Кеше ғана көршілес Ресейге де жеткенін естіп, біліп отырмыз.

**Құрметті Шет ауданы тұрғындары!**

Осы орайда Сіздерді тағы да коронавирус инфекциясымен күрестің негізгі қағидаларын сақтауға, яғни той-жиындарға бармауға, әлеуметтік арақашықтықты сақтауға, ғимараттар ішіне енердің алдында бет перде киюге және міндетті түрде вакцина қабылдауға шақырамын!

Сіздің жауапкершілігіңіз - Сіздің және отбасыңыздың мүшелерінің денсаулығының кепілі екенін ұмытпаңыз!

**А.АМАНЖОЛОВ,**
**орталық аурухананың бас дәрігері.**


















Халықтың көзі һәм тілі

# ҚОС БАСЫЛЫМ 90 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫН АТАП ӨТТІ

**Биыл Қарағанды өңірінің байырғы басылымдары «Ortalyq Qazaqstan» мен «Индустриальная Караганда» газеттеріне 90 жыл толды. Бүгінде Арқа төріндегі ақпарат басылымдарының басын бір арнаға біріктірген «Saryarqa aqparat» медиахолдингінің қос қанатындай болған іргелі екі басылымның тойы кенді шаһардағы Сәкен бабамыздың есімін иеленген облыстық академиялық драма театрында ерекше түрде аталып өтті.**

Ұлық мереке Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында өткен мәртебелі мерейтойға облыс әкімі Жеңіс Қасымбек, ақпарат саласының ардагерлері мен журналистер қауымы арнайы шақырылып қатысты.

Салтанатты шарада Жеңіс Қасымбек қос газеттің Тәуелсіздіктің жаршысы, мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы рөлі, қоғамның көкейкесті мәселелерін көтеріп, халық пен билік арасындағы беделін атап өтіп, ұзақ жылдар бойы баспасөз саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ардагерлер мен жалынды журналистерді марапаттады.



Тоқсан жылдық мерейтойда «Ortalyq Qazaqstan» газеті де ақпарат айдынында өздерімен үзеңгілес жүрген аймақтағы басылым басшыларын, баспасөз ардагерлерін марапаттап, сыйсияпат жасады. Олардың ішінде ауданымыздағы «Шет шұғыласы» газетінің директор-редакторы, "ҚР Ақпарат саласының үздігі", ҚР Журналистер Одағының мүшесі М.Сәдуақасов қара шаңырағымыз «Ortalyq Qazaqstan» газетінің мерейтойлық медалімен марапатталды. Марапатты тапсырған «Saryarqa aqparat» медиахолдингінің директоры Қамбар Ахмет, «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Ерсін Мұсабек «Шет шұғыласы» басылымы ұзақ жылдар бойы әріптестік ынтымақтастық танытып, ағагазетпен қоян-қолтық жұмыс жасап келе жатқандығы үшін алғыстарын білдірді.

Осы орайда, қос басылым ұжымын мерейтойымен құттықтаймыз! Қай уақытта болсын қалың оқырман қауыммен сүйінші жаңалықпен бөлісіп, жеңістік күндер мен жетістіктеріміз жазылған беттеріміз көбейе берсін деп тілейміз!

**Өз тілшімізден.**

Орталық кітапхана

# ТӘУЕЛСІЗДІК - ТЕҢДЕСІ ЖОҚ БАЙЛЫҒЫМ

8 желтоқсан күні Шет аудандық орталық кітапханада «2021 Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» аясында және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында «Тәуелсіздік - теңдесі жоқ байлығым» тақырыбында интеллектуалдық сайыс өтті. Интеллектуалдық сайысқа Шет агротехникалық колледжінің студенттері мен «Жансусар» шығармашылық клубының мүшелерінен құралған 4 топ қатысты. Сайыс 4 кезеңнен тұрды. Әр кезеңде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне байланысты сұрақтар мен тапсырмалар берілді. Топтардың тапсырмаларды орындап, сұрақтарға жауап беру деңгейін әділ қазылар алқасы бағалады.

Сайыс қызықты да тартысты өтті. Сайысқа қатысушылар дипломдар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

**Г.ЕРМЕКБАЕВА,**
**аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы.**



Шетелдік тәжірибе

# ТЕНДЕРЛІК ҚАТЫНАСТАРДЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Біздің ел өз тәуелсіздігін жариялап, Мемлекеттік егемендігі туралы ұлттық декларациясын қабылдаған сәттен бастап қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясатын жүзеге асырып отыр. Себебі сыбайлас жемқорлық қылмыстары ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіріп, еліміздің ары қарай өркендеп дамуына кедергі тигізері сөзсіз. Демек елімізде бүгінгі күні өзекті болып отырған сыбайлас жемқорлық қылмыстардың қоғамға қауіптілігін мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей нұқсан келтіруімен көруімізге болады.

Қазіргі күнде осы мәселе көптеген мемлекеттерді алаңдатып отырғандығының 1991 жылы БҰҰ бұл қылмысты халықаралық қылмыс деп тануыменен көруге болады.

Біздің елімізде тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ, мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындауына қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңында белгіленген тәртіп бойынша реттеледі. Заң мемлекеттік сатып алуға тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тапсырыс берушілердің ақылы негізде сатып алуы деген түсінік береді.

Мемлекеттік сатып алудың негізгі тәсілі тендер болып табылады, конкурс-тық құжаттамада алдын ала жариялан-ған шарттар бойынша тауарларды жеткізуге, қызметтер көрсетуге немесе мердігерлік жұмыстарды жүргізуге тапсырыс беру тәсілі, келісілген мерзімде жарыспалық, әділдік, ашықтық қағидаттарын жүзеге асырумен қамтылады. Мемлекеттік келісім-шарт конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін және ең үздік талаптары бар ұсыныс берген қатысушы - тендердің жеңімпазымен жасалады.

Тендерлерді кеңінен пайдалану олардың барлық кезеңдерде дәстүрлі мәміле жасасудың неғұрлым тиімді тәсілі болып табылатындығымен байланысты: шикізат алу, өндіру, өткізу, сатудан кейінгі қызмет көрсету, сақтау және қоймалау, қызметтерді алу және т.б.

Тендер жеңімпазы ең төмен бағаны ұсынатындар емес, ол кешендегі ынтымақтастықтың ең үздік шарттарын ұсынатындар болып табылады: төмен баға, жеткізу шарттары, тауарды немесе қызметті төлеу бойынша кейінге қалдыру, тауардың сапасы, өндіріс көлемі және т.б.

Сыбайлас жемқорлық көріністері үшін алғышарттардың бірі шенеуніктің азаматпен тікелей байланыста болуы болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу рәсімі неғұрлым оңай және ашық болса, сыбайлас жемқорлықтың деңгейі де соншалықты төмен болады. Сол себепті қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды кең пайдалану да адам факторының ықпалын барынша азайтады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының басты орын алатын қатынастарының бірі тендерлік немесе мемлекеттік сатып алуға байланысты қатынастар болып отыр.

Мемлекеттік сатып алу туралы 2015 жылғы 4 желтоқсанда қабылданған заңда негізгі принциптердің бірі ретінде «сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу» принціпі көрсетілген. Халық арасында кеңінен тараған қауесеттің бірі сыбайлас жемқор қылмыстарының негізгі қайнар көздерінің бірігейі тендер деп жатады. Бұл қаншалықты рас екенін білу мақсатында халықаралық тәжірибені зерттеп көрелік.

Мәселен халықаралық тәжірибеде тендерлік қатынастардағы сыбайлас жемқор қылмыстарын алдын алу үшін көптеген әртүрлі шаралар қалыптастырылады.

Ең алдымен сыбайлас жемқор қылмысы тоқтау үшін екі әлемге танымал кредо орын алуы тиіс. Біріншісі заңдылық қағидасының кез келген жағдайда үстемді болуы. Егер «Заңда бедел жоқ, заң беделділерге жұмыс істейді» деген жағдай орын алса сыбайлас жемқорлық тоқтамайды. Екіншіден билік пен бизнестің ара-жігін нақты ашу керек, яғни «кәсіпкер және лауазымды тұлға бір субъект» деген түсініктен арылуымыз керек. Әйтпесе лоббизм артып, бәсекелестік тоқтап қалады. «Көп тұрған су сасиды, ойламаған ми сасиды» демекші, бәсекелестік жоқ жерде даму да жоқ.

Әлемдік тәжірибеге назар аударсақ тендерлер бойынша өткізілетін кейбір шет мемлекеттерінің тәжірибесін мысал ретінде негізге алуға болады.

Мәселен Біріккен Араб Әмірліктерінің тәжірибесін негізге алып көрейік. Олардың заңнамасы бойынша жол салу қызметін ұтып алған кәсіпкер компания шартқа қол қоймас бұрын мемлекетке жұмыс атқару жөнінде кепілдік төлемін салуы тиіс, әдетте кепілдік мөлшері шарт құнының 5-15% көлемінде төленеді. Одан кейін тендерді ұтып алған кәсіпкерлік компаниямен шарт жасалады. Сонымен қатар бұл мемлекетте салған жолдың сапасына жиырма жылға дейінгі сапа кепілдігі мерзімі бекітіледі. Егер сол уақыт өтпей жол бұзылса қатаң жаза қолданылады. Осы көрсетілген Біріккен Араб Әмірліктерінің тәжірибесін біздің мемлекетімізде қолданған тиімді болары анық. Тендерлік қатынастарда осындай мызғымас жүйені енгізу арқылы, осы саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын болдыртпауға жол ашылады.

Мысал ретінде келесі мемлекеттер қатарына Қытай мемлекетін алуға болады. Қытай мемлекетінің тендер өткізу тәжірибесіне қарасақ, оларда тендерді жеңіп алған кәсіпкер егер шартта көрсетілген міндеттерді орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған болса 2 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге тендерлерге қатысу құқығынан және лицензиясынан айырылып, мемлекетке салынған кепілі мемлекет меншігіне өтеді, сонымен қоса бұл кәсіпорын өз міндеттерін дұрыс атқармағаны туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа таратылады. Бұндай тендер өткізу сыбайлас жемқорлық қылмыстарының орын алуына тосқауыл болып, мемлекет қазынасына қол сұғуды болдыртпайды.

Сонымен қатар бұл елде тендер ұйымдастыру шараларының өзіндік ерекшеліктері бар.

Мәселен оларда тендерді ұйымдастыру шараларын стартегиялық объектілер бойынша мемлекет өз қолына алған. Мысалы екі қаланың арасына жол салу керек делік, мемлекет тиісті тендерлік конкурс шараларын өткізеді, мыңдаған кәсіпкерлер қатысып жүзден жүйрік мыңнан мықтысы осы тендерді ұтады.

Мемлекет тендерді ұтқан кәсіпкерге қаражат бермейді, тек жол салуға рұқсаты бар сертификат береді. Кәсіпкер болса осы сертификатымен банктерге жүгініп көптеген банктер арасынан өзіне тиімді ұсыныс жасаған банктен қаражат алып жол салады. Жолды салып бітісімен мемлекеттік құзырлы органдар шақыртылып жолдың аяқталғанын хабарлайды. Мемлекет болса ол кәсіпкердің қолына осы жол кәсіпкерге он жылға тиесілі екендігін растайтын құжатты рәсімдеп береді. Кәсіпкер болса бұл ашылған жолды ақылы етіп, одан пайда таба бастайды. Бізде ең алғаш ақылы жол кезіндегі Астана мен Көкшетау арасындағы тас жолы болатын.

⇨4-ші бетте.

Аудандық мәслихатта

## ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

9 желтоқсан 2021 жыл №9

**Аудандық мәслихаттың**
**кезекті IX-сессиясын шақыру туралы**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10,18 баптарына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті IX-сессиясы 2021 жылдың 23 желтоқсанында сағат 11.00-де Ақсу-Аюлы ауылында аудандық мәслихаттың мәжіліс залында шақырылсын. (Шортанбай жырау көшесі,24).

**Аудандық мәслихаттың**
**IX-сессиясының төрағасы Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ.**

## ХАБАРЛАМА

Жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 23 желтоқсандағы сағат 11.00-де Ақсу-Аюлы ауылында шақырылған кезекті IX-сессиясының қарауына мынандай мәселелер ұсынылады.

1. 2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы.
2. Шет ауданының ауылдық округ және кенттерінің 2022-2024 жылдарға арналған бюджеттерін бекіту туралы.
3. Басқа да мәселелер.

**Аудандық мәслихаттың хатшысы Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ.**

## Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы туралы АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2021 жылдың 6 желтоқсанында аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы онлайн режимде өткізілді.

Тұрақты комиссия отырысына аудан әкімінің орынбасарлары, кент және ауылдық округ әкімдері, аудандық мекеме басшылары қатысып отырды.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында мынадай мәселелер ұсынылды.

1. Аудандық мәслихаттың кезекті тоғызыншы сессиясының күн тәртібінің жобасы туралы.

2. «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджеттің жобасы туралы»

3. Шет ауданының ауылдық округ және кенттерінің (әкімдері аппаратының) 2022-2024 жылдарға арналған бюджеттерінің жобасы туралы.

Комиссиялар отырысының күн тәртібі қаралып, ұсынылған жобада бекітілді.

Күн тәртібіндегі екінші мен үшінші мәселелер бойынша «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджеттің жобасы туралы» және «Шет ауданының ауылдық округ және кенттерінің 2022-2024 арналған бюджеттерінің жобасы туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы М.Жонкина хабарлама жасады.

2022 жылға арналған жергілікті бюджеттің барлық көлемі 10 190 073 мың теңге сомасында жоспарлануда. Оның ішінде кірістер 4 253 343 мың теңге. Субвенция - 5936730 мың теңге, ағымдағы шығыстар 3 277 520 мың теңге, күрделі шығыстар - 39 934 мың.теңге, даму бюджеті - 149 475 мың.теңге екенін айтып өтті.

Комиссия отырысында депутаттар Б.Төлеуқұлов, Г.Түсіпова келесі жылдың облыстық, республикалық бюджеттерден бөлінетін трансферттер көлемі туралы, Бұрма, Ақой ауылдарының ауыз су құбырының құрылысы жайында. Ақадыр кентіндегі құрылысы тоқтап тұрған 2 көп қабатты үй мен тұрмыстық және қатты қалдықтар полигоны туралы мәселелер көтерді.

Аудан әкімінің орынбасары Д.Кәрсембаев көтерілген мәселелер жайында түсініктеме берді.

Тұрақты комиссиялардың отырысында жоғарыда аталған мәселелер қаралып, талқыланғаннан кейін аудандық мәслихаттың кезекті тоғызыншы сессия қарауына ұсынылды.

Бір әннің ізімен

# «ҚАРАКЕСЕК»

## (Тебіреніс)

Жүргізуші Мәдидің әні «Қаракесек» деп хабарлаған. Иә, бұл әнді сонау алыста қалған шақтарда да сан естігенмін. Жүрекке жатталған ән. Жалғыз Мәди емес, бар сор маңдай қазақтың басына түскен қасірет, азапты жол. Елдің басын біріктірер ханы жоқ, халқын көтеріп ұрандатып шыға келетін батырлары да Кенесарымен бірге жоғалған. Жырымен елдің мұң-зарын айтып, жаудан қапыда жеңілсе де қазағын жауға рухын бермеуге шақырған Шортанбай жырау да дүниеден озған. Ел ішінде қалғаны Мәди сынды намысын таптатпаған бірер-саран ақын-әншілер. Әнде кетілмеген, сынбаған рух жатыр.

«Сұраса руым Қаракесек» дейді ер Мәди. Иә, ойыма орала кетті. Шортанбай жыраудың да «Қаракесек» дастаны бар. Ірі дүние. Сол заманда айтылған шындық. Қаракесек Болат қожаның анасының күң емес, қожаның әулетінен екенін көне көз қарияларынан естіген едік. Соны жырына қосқан екен Шортекең әулие.

Иә, бүгін мына Софының 80 жылдығына орай өнер сүйер қауыммен кездесуінде домбырасын аялап ұстаған Ерлан Төлеутай ортаға шықты. Асықпай бабына келтіріп, домбыраны шертіп, жұртты да іште жатқан бір шерін тарқатардай күйге түсіргендей. «Қаракесек» Ерланның орындауы бөлек болушы еді. …. Сұрасаң….

Бұл қазақтың басынан кешпеген қияметі бар ма. Әкесі баласына көңіліне жаққан есімді де қоя алмады ғой. Бәрі Иван, Сидор боп кете жаздаған жоқ па. Отызыншы жылдары елдің басына қаншелегін төңкерген ГПУ-і де, үкіметі де дүние есігін ашқан сәбиге «құранға қарап ат қоюға тиым салды». Ғасырлар бойы «құран», имандылыққа бағыштап, азан шақырып сәбидің атын атау пышақ кескендей тоқтады. Белсенді атаулы бұған білегін сыбанып ақ кіріскен. Чкалов, Буданов, Шапайов, Ким, Мельстер ер баланың атын жауласа, қыз біткен Света, Валя, Надя, Марина боп жөнелді. Түрі қазақ атауы теріс Чкалов, Будак, Мельстермен бір класта, бір партада отырып мектепте оқыдық. Соғыс жылы туған бүгінгі жазушы Сматаевтың есімі қалайша Софы аталды екен. Софының Мейрам деген ағасы бар. Соған ілестіріп арғы бабалары Мейрам Софыға ұйқастырып қойған десті. Жоқ бұл қате дедік біз. Софының әкесі жаппай қырып салдан көз жаздырып аман қалған, рухын жоғалтпаған бірен-саранның бірі. Баланың есімін Софы деп қою құраннан бала атын қоюға тиым салған қанды көздердің ісіне тікелей қарсылық. Елді тізе бүкпеуге шақыру. Көксегені көп. Нағыз намысты азаматтың үндеуге шақырғандай ісі дедік біз. Тектілік жатыр мұнда. Сөнбеген көне арнаның ізі жатыр. Сөзімді жанымда отырған Софы да Бәкен-Бақанай да, Ұлықбек, Жағыпар, Серік, Өмір де үнсіз бас изей тыңдаған. Көрші столдағы Бауыржан иегін сүйеп ойланса, Абзал Нүкен бұрылып назарын салып отыр екен.

Жанымды тербеп барады мына ән. Ән сүйегіне сіңбей, санаңды жаулап алмай, қаның боп тасымай, мұндай шеберлікпен орындалу мүмкін емес. Ерланға көз қиығын тастап едім, әлде бір сұлу, әрі алапат дүние көз алдымда бұлдырап, тынық күнге сағым ойнаған дала боп, бір сәтте буырқанған теңіз боп жүре берді. Япыр-ай, Ерлан осындай шыңға шығарып қалай игерген мына әнді. Қазақ әнінің құпиясы мол, жатқан түпсіз иірім. Әр сөзі түгілі, әр буынында өзіндік ырғақ бар.

Жаным сүйсінгенде көзімді жұмып тыңдаушы едім. Иіріп әкетіп барад ғажайып толқын. Мұнау дүниеден баз кешіп кеттім бе, білмеймін. Қайда апарып соғарынан хабарсызбын. Құдай-ау, мынау лагер ғой саяси қылмыстылардың атақты №7 лагері. Сондағы бір әншінің мұңға толы әні еңсемді жаулап алған. Иә, әнші Латыш жігіті Кнут қой ән салып тұрған. Неге сонау биікке шығып алған? Жапырлаған тоқ сымдары үстіне төніп тұр. «Кнут түс» деп айқайлағым келеді. Дауысым шығар емес. Ең болмаса қолымды да серпе алмаймын. Иә, осының бәрін сонау алыста қалған азапты жылдарды басымнан кешкенмін. Енді, міне өң мен түстей болып, мені билеп алды.

Иә, Кнутпен достасып кеткен едім. Көңіл бірлігін табудың да кілтипаты жетерлік. Оны алғаш рет бір ағаштың түбінде баяу ғана ән салып отырғанын көрдім. Сәл тербеліп, ырғағын соза түседі. Өзімен өзі болып, әлде бір мұңын шегіп, әнмен сырласқан кейпін бұзғым келмеді. Расы жақындауға да батпаған шығармын. Бөтен жұрт, бейтаныс жігіт. Бір кезде орнынан тұрып, дәл жанымнан өтіп бара жатқан.

- Әніңіз ұнамды екен, - деп қалғам.

- Солай ма? Ән салушымедің?

- Жоқ, - жақсы әнге жаным елжірейді.

- Ақын шығарсың?

- Сондайым бар.

- Қайдансың?

- Қазақстаннан.

- Мен Латышпын. Кнут, - деп қолын ұсынған.

- Жиі кездесіп жүрдік. Үнемі қапа болып жүретін. Өз еліндегі сан гастрольдерге қатысқан атақты әншінің бірі екен. Азаттықты ансаған. Германия жеңілген соң, Мәскеудің табан астында қалған. Латвия жеріне шовинизмге әбден уланған Мәскеу миллиондаған орысын төгіп жіберген. Қарсылық білдіргендер Тайгада Мәскеу үшін отын шауып жүр. Кнут міне сол топтан. Әншінің ән салуына лагерде рұқсат жоқ. Әнші әнмен бірге туған. Ән айтқызбау тұмылдырық кигізіп ауызын тығындап қойғанмен бірдей шара.

- Күн өткен сайын өзіме біткен өнердің сөніп бара жатқанын сеземін, - деп қамығады ол.

Сонау сібір түкпірінде,

Жасыма дос, сабыр қыл, - деп Пушкиннің өлеңімен жұбатамын.

- Сабыр… Алдағы он жылда…, деп басын шайқайды.

Өршіл талап өшпес мүлде,

Ауыр еңбек кетпес құр, - (әрине орысшасын айтамын)

- Сенде ғажайып сенім бар. Мұқалмайтындай қайрат, жігер бар. Сенде осыны жоғалтпа, - деп маған үңіле қарайды әнші Латыш жігіті.

Үнемі кездесе де бере алмаймыз. Бұл лагер заңына қайшы. Топтала беру бір бүлікті ойластыру болып көрінетіні бар. Надзератель біткен андушы. Бірақ, бәрібір жолығып жүрдік. Мен әсіресе ынталы едім. Латыштарды да, кавказдық, не еврей, не украин тобымен араласып, кеңірек білгім келеді. Тағы да бір жолықанымызда:

- Сендерде махаббат әндері бар ма? - деген.

- Иә, деп, тілім жеткенше тәржімелеп, Гаухар тас әнін, қоңыр әуенмен орындап бердім.

- Тамаша екен. Сүйдім, күйдім деп жалбарынбай ұлы сезімді осылай білдіру ұлылық қой. Мұндай түсінік аристократтарға, ақсүйектерге тән. Әнші-ақындардың шетінен ақ сүйектік тәрбие алғандай, ал тыңдаушылары да онан кем емес екен, - деп Кнут таңқалды.

- Тағы, - деген латыш әншісі.

- Абай деген ұлы ақын болған. Міне мынау сол кісінің әні. «Көзімнің қарасы».

Көзімнің қарасы ай…

- Әнің мәтінін тілім жетіп, ой-талғамым таусылғанша аударып түсіндіріп барып, орындаймын.

- Иә, - деген. Ол көп ойланды мына ақының философ екен. Әттең осындайлардан сендерде ешкім қалды ма екен. Тағдыр-ай.

Айнала қалың орман. Көк тіреген ағаштардан көгілдір аспаннан басқа ештеңе көрінбейді. Қалың орман мені тұнжыратады. Сағым ойнап жатқан шексіз даланы сағынамын. Қолымдағы балтаға сүйеніп отырған қалпымда.

- Мұңайып отырсың ғой, - деген дауыс бұзды, - жайшылық па?

- Тауға шығып, қиыры жоқ далаға қарап отырушы едім.

- Дала де… Мен сендердің далаларыңды көрген жоқпын. Әлі Абайдың әні көп тербеді мені. Ұрпақтары да сондай шығар.

Теріс қарап, бар күшімді салып, балтаның жүзін жуан қарағайға сіңірдім. Ненің өшін, кімнің өшін осылай алғанымды өзім де білмеймін. Ашу қысқан бір шақ та. Ұлы Абайдың бар тұқымын өзіміздің белсенділер қазақтар қырды деп қалай айта аламын. Тағы бір сондай уақыт туса сол уақиғаның қайталамасына сенім бар ма.

- Сендерді қырып бақты ғой. Аяусыз қырды. Өзі өздерінде есі дүзу ешкім бар ма? - деп қалды Кнут.

Бетіне жалт қарадым. Жүзіме ашу тепсініп шықса керек. Қолым дірілдеп кеткенін білемін.

- Кешір мені тым ауыр сөз айттым, - деп ол иіліп арқамнан қақты. - Мына лагерде екі жарым мың адам отыр. Жүз жүздеп татар, өзбек, түркімен жүр. Анау эстон, кавказ, украин, литва, латыштарда есеп жоқ. Осылардың ішінде екі-үш қазақтың жүруі еріксіз ойландырады. Қазақ тегіс тізе бүгіп, құл болып кеткен бе деген ой еріксіз көмейге тіреледі.

- Ол бүгін… үшеу, ертең он, онымыз жүз, жүзіміз мың болып шығады ертең. Көрерсің.

- Сенемін. Сендердің ұлы халық болғандарыңды тарихтан оқығанмын. Біз, қара басып, Едіге батырға да, Ахмет ханға да көмектеспедік. Соның жазасы, біз де сендер де орыстың табанына түстік. Тарих ақылсыздықты кешірмейді.

- Сәл тыныстадық. Ол темекісін сорады да ойланып қалып, сөнген шылымын қайта тұтатып әуре. Мен балтамен әлде бір ағашты жоңқалап отырмын. Әнші Латышым тамағын жиі-жиі қырнап, маған қарай береді. Әлде нені сұрағысы келіп отырғанын сеземін.

Жылы ұшырай қарадым.

- Айтшы, осы сендерде ұранға шақырар ән бар ма?

- Не жауап айтарымды білмей күмілжідім. Ұят-ай деймін іштей. Гимнды жаттай беріппіз ғой. Ұят… кенет есіме «Қаракесек» әні түскені. Жадырадым.

- Бар! - деген үнім қаттырақ шығып кетті. Иман Жүсіп, Мәди деген Робен Гудтар бізде де болған. «Қаракесек» әнінің әр жолын тәржімелеп, әбден қарлыққан дауысыммен орындап едім. Әнші досым, латыш жігіті қуанып қалды.

- Керемет екен. Қалай? Қалай? «Жатқаным қу қара жер болып төсек». Тап бүгінгінің тірі суреті ғой мынау. Қаншама мұң жатыр, соншама таусылмас жігер, қайрат дабыл қағып тұр. Совет кезінде шыққан осындай бір әнді айтшы, - деп өтінді ол. Үнсіз қалдым. Сонау алпысыншы, жетпісінші жылдары жоқ еді -ау ондай ән.

Мұнараға шығып алып табанға түскен елінің жоқтауын, ғұмырмен қоштасуын әнмен айтқан тұсқа жиналған жұртта шек жоқ. Алдыңғы қатарға тұрып алған латыш жігіттерінің бетін жуған жас, омырауларына төгілген. Карцерден анда-санда ғана шығатын Гунар жасын көрсеткісі келмей ме, жүзімен аспанды шолып, жұтқыншағы бүлк-бүлк етеді. Виктор Калныш, Скуинекс әнші Латыш азаматына қарап, беларына дейін иілген.

Ақыра жеткен ондаған надзерательдердің дубинкалары да сатырлай жөнелген. Латыштар қозғалар емес. Таяқ жегені тәлтіректеп барып, қайта орындарын тапқан. Әлжуаздау біреуі құлап қалған еді, қолтықтап тұрғызып енді соққы тимейтіндей етіп бауырларына алған. Надзерателдер ешкімді аяп жатқан жоқ. Барлығы соққының астында. Надзерателдер бір-бір ұрып өте береді.

- Ты … опять здесь, крамольник. - Еңкейіп қалдым көк желкеден сипай өтіп, қос жауырынға тиген соққы ауыр тиді. Надзератель келесі азаматты сілейтіп өтіп, онан арғысын боқтап жатыр екен.

Екі көзім әншіде. Егіле жырлап, мынау қызығы да, қиянатты да мол әлеммен қоштасып тұр. Қанша қиын болса да мынау сұлу әлемді тастап кету деген… Тағы «Қаракесек» ойыма оралды. «Науқасым жанға батып жатқанымда, болмады…» Науқасы оның азат елін көру.

- Атыңдар! - оншақты солдат асыл азаматты көздей бастаған.

Бұл жендеттердің оғынан өлгім келмейді. Қош! - деп қолын сермеген ол тоқтың сымын қармаған. Күйіп кетті. Карауға жүзіміз шыдамады.

Әншінің дауысы әлі құлағымда. Оның әні енді міне Ерланның дауысымен қосарланып кетті. «Қаракесек» «соншама таусылмас жігер, қайрат, дабыл қағып тұр» деп еді-ау. Ерлан-ай сол шақта сенің әнің оған жетсе, оны ажалдан арашалап қалар ма еді.

«Болмады-ау жан ашитын…»

**Кәмел ЖҮНІСТЕГІ,**
**30.ХІ.2021 жыл.**

Шетелдік тәжірибе

# ТЕНДЕРЛІК ҚАТЫНАСТАРДЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҰЙЫМДАСТЫРУ

⇨3-ші беттен.

Жеңіл көліктер екі жүз теңге жүк көліктері төртжүз теңге шамасында ақы төлегеннің өзінде күніне түсетін пайда үш миллион теңгені беретін, ал айына тоқсан милион теңге мемлекет қазынасына түседі. Ал енді бұл Қытай ғой, халқы да көлігі де көп, кәсіпкер банк алдындағы берешегін шамамен үш-төрт жылда қайтарады, ал қалған уақытта өзіне пайда табады. Мемлекет жолды кәсіпкерден салынып біткен соң он жылдан кейін қабылдап алады. Сонда қарасаңыз мемлекетке пайдалы қалтасынан бір тиын шығармай, сапалы жол салдырды, банкке пайдалы ақшасын айналымға салып пайдасын алды, кәсіпкерге де халыққа да пайдалы жүйе.

Біздің ойымызша «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 20-бабының 5-тармағына түзетулер енгізу керек деп есептейміз. Ол былай деп айқындалуы керек: конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау қорытындысы бойынша біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді деп айқындалған әлеуетті өнім берушілер мемлекетке тиісті көлемде кепіл өткізуі керек, кепіл мөлшері шарттың құнының 10-15% көлемінде төленеді, тиісті төлем жүргізілгеннен кейін тендерді ұтып алған компания конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысады. Біз осы ұсынысты Қытай мемлекеттінің және Біріккен Араб Әмірліктерінің заңнамасына сүйене отырып ұсынамыз. Себебі тендерге қатысатын кәсіпкердің шынайы материалдық базасының мығым екені, ол кәсіпкерлік тәуекелдерді көтере алатындығы нақты айғақты екендігін осы төлемдік әрекеттері арқылы дәлелденуі тиіс. Тәжірибеде көбінесе бір тарап тендерді ұтып алады, оның не техникасы не жұмыскерлері жоқ, сосын ұтысқа қойылған шаруа мерзімінде бітпейді, уақытында мектептердің жөндеу жұмыстары аяқталмаған сол тәрізді көптеген мысалдарды айтуға болады.

Келесі мысал ретінде «инвестициялық ахуалы өте жақсы, бәсекелесу деңгейі өте жоғары, экономикалық бостандығы жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатардағы елдердің бірі, Сингапур мемлекеттін қарастырып өтейік».

Сингапур үкіметі бүкіл бақылау-қадағалау функцияларын өзіне қалдырып, қалған функцияларын коммерциялық әріптестеріне беріп аударады. Сондай-ақ, жеткізушілер тарапынан сервис сапасының деңгейі туралы келісімшарттық келісімдер де басты рөл атқарады. Сапаға қойылатын талаптар бұзылған немесе халықаралық стандарттарға мүлдем сәйкес келмеген жағдайда қатаң айыппұл және санкциялар қолданылады.

Нәтижесінде мемлекет өзінің шешімін барлық қолжетімді нарықтарға жылжыту үшін жеке серіктес компанияның әлеуеті мен білімін пайдаланады. Бұл ретте жеткізушілер тарапынан сервис сапасының деңгейі туралы келісімшарттық келісімдер басты рөл атқарды.

Сингапурда құрылған сатып алу жүйесіне саяси қайраткерлер бірнеше рет сілтеме жасаған, мысалы, Қырғызстанның мемлекеттік және саяси қайраткері, депутат, экономист А. Жапаров, өз сөзінде осы елді-сатып алу саласындағы ең озық ел ретінде атап өтті.

Атап айтқанда, ол былай деді: «Мемлекеттік сатып алу туралы заңда кері қайтару туралы жазаны күшейту керек, тендер өткізу кезінде сөз байласудың қатаң жолын кесу қажет». Бұған мысал ретінде Сингапурда «қолды шабу» жазасы қолданылады. Үкімет өте қатаң әрекет етеді, алайда Мемлекеттік сатып алу саласында Сингапурда сыбайлас жемқорлықтың ең аз үлесі байқалады деп атап өткен.

Сингапурдың сатып алу режимі келесі іргелі қағидатты ұстанады: Ашықтық - сатып алудың барлық кезеңдеріндегі ашық сатып алу режимі; жеткізушілерге әділ және ашық бәсекелестік, тең дәрежеде қол жеткізу мен бәсекелестіктің әділ мүмкіндіктері беріледі; ақша бағасы - үкімет ең жақсы талаптарға жауап беретін және пайдалар мен шығындардың ең жақсы ара қатынасын ұсынатын көздерден сатып алады.

Сингапурда, Сингапурдың Қорғаныс министрлігі жанынан құрылған қорғау және технологиялар саласындағы ғылым жөніндегі агенттік операторы болып табылатын Сингапурдың Қаржы министрлігіне тиесілі GeBIZ электрондық мемлекеттік тапсырыс порталы бар (Government Electronic Businesssystem www. gebiz. gov. sg). GeBIZ мемлекеттік тапсырыс саласындағы барлық тендерлер мен баға белгіленімдерінің сұраныстары орналастырылған ортақ әмбебап портал болып табылады. Жүйе барынша ашық және өнім берушілер үшін және тапсырыс берушілер (агенттіктер) үшін клиенттік қосымшалар мен төлем жүйесі сияқты ұсыныстарды ұсына отырып, Мемлекеттік сатып алудың типтік механизмі болып табылады. Сатып алу жөніндегі электрондық құжаттар орындаушымен келісім-шарт жасалған сәттен бастап кемінде үш жыл сайтта сақталуы тиіс. Жеткізушілердің Мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратпен танысуға, тендерлер туралы ақпаратты көшіріп алуға, сондай-ақ, электронды-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қолдана отырып, онлайн режимінде өз ставкаларын жасауға мүмкіндігі бар. Сингапур үкіметі алдын ала ескертусіз жобаларды қайта қарау немесе жою құқығын өзіне қалдырады. Бұл өте дұрыс және мемлекетке ұтымды деп санаймыз.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыру саласында Сингапур үкіметінің ресми мәртебесін алған және іріктеуден өткен кәсіпорындар мен ұйымдар ғана сауда-саттық өткізу туралы ақпаратқа тегін қол жеткізе алады.

Сингапурда рәсімдер тізімін процедуралардың аралас түрлерімен толықтыруға болады:

- сатып алу саласында үкіметтің ресми серіктесі ретінде тіркелген кәсіпорындар арасында ашық сауда-саттық;

- сатып алу саласында үкіметтің ресми серіктесі ретінде тіркелген кәсіпорындар арасында ашық екі кезеңді сауда саттық;

- сатып алу саласында үкіметтің ресми серіктесі ретінде тіркелген кәсіпорындар арасында келіссөздер жүргізумен ашық сауда-саттық.

Үкіметтің сатып алу саласындағы ресми серіктесі ретінде тіркеуден өтпеген ұйымдар жоғарыда аталған сауда-саттыққа қатысуға жіберілмейді.

Сингапурда тікелей мемлекеттік сатып алу рәсімдері олардың бағалау құнына байланысты жіктеледі. Сатып алу рәсімі баға белгілеулерге немесе тендерлерге қатысуға шақыру жолымен сатып алудың аз құны ретінде қабылдануы мүмкін.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыру саласында Сингапур үкіметінің ресми мәртебесін алған және іріктеуден өткен кәсіпорындар мен ұйымдар ғана сауда-саттық өткізу туралы ақпаратқа тегін қол жеткізе алады.

Келесі Филиппин мемлекеттін қарастырып өтейік. Филиппинде Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мәселелерін бюджет және басқару министрлігі жүзеге асырады. Тіркелген пайдаланушылар ашық тендерлердің деректер базасына жалпы қолжетімділіктен басқа тендерлік құжаттаманы жүктеу және тапсырыс беру, тендерлердің жылдық жоспарына қол жеткізу, электрондық хабарламалар алу мүмкіндігіне ие болады. Жүйенің жаңа пайдаланушыларын тіркеу үшін төлем алынады, оның көлемі таңдалған пакетке (Red, Blue немесе Platinum) байланысты болады, бұл PhilGEPS сервисін пайдалану мүмкіндігін анықтайды. Бұл ретте қолданыстағы пакеттердің бірде-біреуі онлайн режимінде тендерлерге қатысуға өтінім беру мүмкіндігін қарастырмайды (бұл мүмкіндік сервисті жаңартқаннан кейін қарастырылады). Өтінімдер қағаз түрінде тендерді ұйымдастырушылар белгілеген мерзімде және орынға беріледі.

Біздің мемлекеттімізде де осындай қағидаттарға негізделген жүйе құру өте ұтымды және сөзсіз мемлекетімізге пайдалы болады деп санаймыз.

Жоғарыда көрсетілген халықаралық тәжірибені біздің мемлекетімізде пайдаланған орынды және тиімді болары анық, әрі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын осы тендер өткізу саласында осындай халықаралық жүйені пайдалану арқасында осы саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының етек жайуына, мемлекет қазынасының талан таражға салуына және мемлекет бюджетінен ақшаның оңды-солды шашылуына тосқауыл қоямыз. Атақты ғұламалардың бірі айтқандай «Кез келген тез жасалған үлкен капиталдың бастауында қылмыс жатыр» демекші, тез ақша жасау, негізсіз байу бұның бастауы мемлекетіміздің құлдырауына әкеліп соқтыруы келешекте заңды құбылыс болуы мүмкін.

Мемлекеттік қызметшілердің сатылмайтындығы және олардың қызметінің ашықтығы - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының табысты болуының негізі болып табылады.

Біз жаһандық дамыған мемлекеттердің ондығына кіру үшін ең алдыменен осы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын болдыртпауымыз керек. Өйткені кез келген қоғамды, ұлтты және мемлекетті тығырыққа тірейтін және артқа сүйрейтін осы сыбайлас жемқорлық қылмыстары. Бізде басты мәселе, ол «парасыз қоғам - ұлт болашағы» екенін ұмытпауымыз керек.

Неғұрлым тиімді және пәрменді түрде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы күреске бағытталған шараларды нығайтуға тек қана мемлекет емес бүкіл қоғам болып атсалысу керек, Елбасымыз айтқандай «біздің күшіміз бірлікте». Сол күшті тиімді пайдаланып сыбайлас жемқорлық қылмыстарын болдырмауға қазірден бастап бүкіл қоғам болып атсалысайық.

**Р.ТОҚАТОВ, А.САДЕПХАН,**
**Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушылары, облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық-ағартушылық штаб мүшелері.**

**Шет ауданының ішкі саясат бөлімінің тапсырысы бойынша.**

Приложение 6к приказу Министранациональной экономики Республики Казахстанот 24 июня 2019 года № 58

# ТИПОВОЙ ДОГОВОР НА ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ УСЛУГ ВОДОСНАБЖЕНИЯ И (ИЛИ) ВОДООТВЕДЕНИЯ п.АГАДЫРЬ, с.АКСУ-АЮЛЫ, с.ОСПЕН, с.ОРТАУ, с.КОКТЕНКОЛЬ, с.БУРМА, с.НИЖНИЕ КАЙРАКТЫ, с.АЙСА, с.МОЙЫНТЫ, с.БОСАГА, с.КИИК, с.САРЫШИ (ДОНГАЛ), с.ТАГЫЛЫ, с.АКЖАРТАС, с.ЖАРЫЛГАП БАТЫР, с.АКШАТАУ, п.АКЖАЛ.

п.АГАДЫРЬ “01” 10.2021 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью «Су беру»

БИН:210840011007 предоставляющее услуги водоснабжения и (или) водоотведения (далее –

Услуги), именуемое в дальнейшем Поставщик, в лице директора Серикова Амандыка Жумахановича действующего на основании Устава с одной стороны,

и ___________ ________(реквизиты потребителя, для физических лиц - документ удостоверяющий

личность физического лица индивидуальный идентификационный номер, для юридических лиц бизнес идентификационный номер/ индивидуальный идентификационный номер)

именуемый в дальнейшем Потребитель, в лице _____________________ (должность, Ф.И.О)

_____________________ действующего на основании _______________с другой стороны, вместе именуемые Стороны, заключили настоящий договор (далее - Договор)

о нижеследующем.

**Глава 1. Основные понятия, используемые в Договоре**

1. В Договоре используются следующие основные понятия:

прибор учета - техническое средство для измерения объема воды (питьевой, технической, сточной и других видов вод), имеющее нормированные метрологические характеристики, воспроизводящее и хранящее единицу физической величины в течение определенного интервала времени, разрешенное к применению для коммерческого учета воды в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

проверка приборов учета - совокупность операций, выполняемых представителем Поставщика для осмотра состояния приборов учета, определения и подтверждения его соответствия техническим требованиям, снятия показаний, а также определения наличия и целостности пломб на водомерном узле;

расчетный период - период, определенный в Договоре как период времени, равный одному календарному месяцу с 00:00 часов первого дня до 24:00 часов последнего дня месяца, за который производится расчет Потребителем за услугу;

граница раздела эксплуатационной ответственности - место раздела элементов систем водоснабжения и (или) водоотведения по признаку обязанностей (ответственности за их эксплуатацию), устанавливаемое соглашением сторон. При отсутствии такого соглашения граница раздела эксплуатационной ответственности устанавливается по границе раздела балансовой принадлежности;

норма водопотребления – количество воды для удовлетворения суточной потребности одного человека, животных личного подсобного хозяйства или на единицу поливной площади в конкретном населенном пункте, утвержденная местным исполнительным органом в соответствии с подпунктом 34) пункта 1 статьи 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года “О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан”;

недопуск к узлу учета воды – отказ (воспрепятствование) Потребителя в предоставлении допуска к узлу учета воды для снятия показаний и проверки работоспособности, контроля технического состояния и безопасности всех элементов систем водоснабжения и водоотведения, расположенных на территории или находящихся в хозяйственном ведении, для отбора проб сточных вод представителя Поставщика;

граница раздела балансовой принадлежности – место раздела элементов систем водоснабжения и водоотведения между владельцами по признаку собственности, хозяйственного ведения или оперативного управления, которое указывается на схемах;

платежный документ - документ (счет, извещение, квитанция, счет-предупреждение) составленное для осуществления оплаты за предоставленные услуги (товары, работы) Поставщика, на основании которого производится оплата;

потребитель - физическое или юридическое лицо, пользующееся или намеревающееся пользоваться регулируемыми услугами водоснабжения и (или) водоотведения;

ведомство уполномоченного органа - ведомство государственного органа, осуществляющего руководство в соответствующих сферах естественных монополий.

Иные понятия и термины, используемые в настоящем Договоре, применяются в соответствии с Водным кодексом Республики Казахстан от 9 июля 2003 года и законодательством Республики Казахстан о естественных монополиях.

**Глава 2. Предмет договора**

2. В соответствии с условиями договора Поставщик обязуется оказать Потребителю Услуги, а Потребитель обязуется оплачивать предоставленные услуги в сроки, порядке и размере, определенные настоящим Договором.

3. Характеристики предоставляемых услуг и качество подаваемой воды должны соответствовать требованиям законодательства Республики Казахстан, санитарных правил, государственных стандартов.

4. Договор заключается с Потребителем в индивидуальном порядке при наличии у него в собственности или на иных законных основаниях систем водоснабжения и (или) водоотведения, присоединенных к системам водоснабжения и водоотведения населенного пункта, выполненных в соответствии с техническими условиями Поставщика.

